

Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданы Ақбұлақ селолық округінің аумағында шектеу іс-шараларын енгізе отырып карантин аймағының ветеринариялық режимін белгілеу туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 22 ақпандағы № 99 қаулысы. Батыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2013 жылғы 11 наурызда № 3198 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 26 желтоқсандағы № 1273 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданы әкімдігінің 26.12.2013 № 1273 қаулысымен

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтарындағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңдарына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті "Бөрлі аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің бас мемлекеттік ветеринарлық-санитарлық инспекторының 2012 жылғы 19 желтоқсандағы № 1673 ұсынысы негізінде және жануарлардың аса жұқпалы ауруларының ошақтарын жою мақсатында аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданы Ақбұлақ селолық округінің аумағында ұсақ мүйізді малдарының арасында бруцеллез ауруы анықталуына байланысты шектеу іс-шараларын енгізе отырып карантин аймағының ветеринариялық режимі белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті "Бөрлі аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) тиісті іс-шараларды ұйымдастыру ұсынылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ж. Каналинге жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

М. Тусупкалиев

КЕЛІСІЛДІ:

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы Министрлігінің
Ветеринариялық бақылау және

қадағалау комитеті "Бөрлі
аудандық аумақтық инспекциясы"
мемлекеттік мекемесінің бас
мемлекеттік ветеринарлық-
санитарлық инспекторы
Каирмуханова Шолпан Амангельдиновна
_____ қ о л ы

22.02.2013 ж.